

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LTRV5838>

***Ә. Қ. Шапауов¹, Р. Н. Бегалиева², М. Ә. Қабыкен³,
Е. И. Туровская⁴, А. О. Қадыралиева⁵**

^{1,5}К. Байсейітова атындағы

Қазақ ұлттық өнер университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

²Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік
Қазақстан педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;

³Үнді елшілігінің қызметкері,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

⁴Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті.
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3709-4309>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3133-6135>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0323-8114>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3413-4811>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9961-5289>

*e-mail: shapau@mail.ru

СОЛТҮСТІК КАВКАЗ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ТУУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Мақалада қарастырылғалы отырған өзекті мәселе – Солтүстік Кавказ өңіріндегі түркі тектес халықтар ноғай, қарашай, балқар, гагауыз, құмық, қарайым сияқты халықтардың алғашқы қолжазба драмалық шағын пьесаларының тууы, қағазға түсуі, қалыптасуы, жариялануы мен сахналану өнерінің бастауы және даму ерекшеліктері зерттеледі. Қолжазба, қазіргі пьесаларының көркемдік шеберлігі мен идеясы және қазақ халқымен мәдени-рухани байланысы, интеграциясы, ұлттық-этникалық идеялар парадигмасы драматургия, театртану заңдылығымен зерделенеді.

Зерттеуші авторлар жоғарыда аталған халықтардың алғашқы шағын пьесалардың жанрлық ерекшелігін, тартыс пен мінез мәселелерін көркемдік шеберлік тұрғысынан талдайды. Сонымен

қатар сахналану, бейне сомдау, актерлік шеберлік мәселелеріне де тоқталып салыстырмалы түрде саралайды.

Мақалада алғашқы қолжазба сахналық қойылымдар мен қазіргі кәсіби театр өнерін жаңа ғылыми парадигма негізінде салыстырмалы түрде сөз болады. Түркі халықтарының драма және театр өнерінің мәдени-рухани ынтымақтастықты арттырудағы рөлінің маңызды екенін ескеріледі, зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі жасалынады.

Кавказдың солтүстік аймағындағы түркі халықтарының драматургиясы мен театр өнерін зерттеу жүзеге асады. Аталған тақырып бойынша осындай зерттеу жұмыстары осы уақытқа дейін екі ел арасында халықаралық деңгейде арнайы зерттеу болмағаны дәлелденеді.

Кілтті сөздер: драматургия, ноғай, қарашай, құмық, қарайым, опертану, әдеби байланыс.

Кіріспе

Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтары мен қазақ драматургиясының даму эволюциясы, этномәдени болмысы, поэтикалық-стильдік, жанрлық ерекшелігі мен тарихи-мәдени, рухани, әдеби үндестігі тұрғысынан жан-жақты зерттеуге талпыныс жасаған алғашқы зерттеу. Сондай-ақ бұл еңбек кавказ аймағындағы түркі халықтарының драматургиясының пайда болуы мен және қалыптасуы кезеңіндегі этно-фольклорлық дәстүрлердің рөлі мен маңызын зерттеуге, шетел және басқа этникалық сахна мәдениетінің ықпалын анықтауға, зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл жұмыста бірінші рет ғылыми айналымға мұрағаттық және ғылыми, тарихи, әдеби дереккөздер, сондай-ақ далалық материалдар кәсіби драматургияның пайда болу үрдісін тарихи-мәдени контексте жарыққа шығаруға және оның эволюциялық өсуіне ықпал еткен негізгі факторларды: фольклорлық және салт-дәстүрлік бастауларды анықтауға мүмкіндік берді.

Пьесалар мәтіні бүгінгі күнге ноғай, құмық, балқар, қарайым, гагауыз, қарашайлардың өз ана және орыс тілдерінде жетіп отыр. Оның ішіндегі кейбірі еврей графикасымен жазылған қолжазбалар да бар, бұл әсіресе қарайым халқының мұрасына тән. Осы қолжазбаларды сараптау, зерделеу, ғылыми айналымға енгізу басты міндеттеріміздің бірі. Ноғай, құмық, гагауыз, қарайым, балқар, қарашай сияқты байырғы аз ұлттардың XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегендегі шағын пьесаларын қазақ

халқының осы кезеңдердегі алғашқы драмалық шығармаларымен идея, тақырып, жанрлық жағынан және сахналануы тұрғысынан үндестігі зерттеледі.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі ретінде тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы және жалпы зерттеу әдістері, тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын дәстүрлі сипаттау, жүйелеу, топтастыру, логикалық талдау әдістері қолданылды. Сондай-ақ, түркі халықтарының драматургиясын, қойылымдарының сахналануын тарихи-мәдени, рухани, әдеби аспектіде қарастыру, салыстырмалы түрде зерттеу, қажетті материалдарды сипаттау, жүйелеу, топтау, өңдеу, ұғымдарды саралау, жалпылау тәсіл-амалдары да қолданылды.

Ғылыми тәжірибелерді сипаттау қолжазба пьесалардың жанрын, идеясын, мәдени құндылығын өзара салыстыру арқылы көрінеді, соның нәтижесінде түрік халықтарының драматургиясының ерекшеліктері салыстырылды. Мәліметтерді жинау әдісі қолжазбалар мен пьесалардың сөздік қорын, мазмұнын анықтау оларды этно-әдеби, этно-фольклорлық деректерімен салыстыруға негізделген. Бұл деректердің дұрыстығын тексеру үшін көне түркі түсіндірме сөздіктері, қазіргі драматургия, театр терминдерімен салыстыра қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Тарихы мен рухани, мәдени байланысы тереңде жатқан кавказдың солтүстік аймағындағы түбі бір түркі халықтарының драма және театр өнерінің қалыптасуы мен дамуын қарастыра отырып, сол замандағы қазақпен туыс халықтардың ұлттық санасы, этномәдени ерекшеліктері және мәдени интеграциясы ғылыми тұрғыдан басты назарда. Осы уақытқа дейін арнайы нысанаға алынып зерттеу болмай келген қолжазба шағын актылы пьесалардың өзара мазмұн мен рухы жағынан ұқсастығының көркемдігі жоғары. Нәтижеге жету барысында ноғай, құмық, гагауыз, қарайым, балқар, қарашай сияқты байырғы аз халықтардың қолжазба және қазіргі пьесаларын драматургия заңдылығы аясында және сахналану жағдайын негізге ала отырып, драмалық шығармаларының идеялық, көркемдік ерекшелігін, ауыз әдебиеті бай мұраларының өзара байланысын, даралығы мен сол кездегі көзқарастары айқындалды. Сол заманда жазылған қолжазба бір актілі шағын пьесалар түркі әлемі туралы танымы мен мәдени интеграцияның дәстүрлі сабақтастығының белгісі.

Түркі халықтарының рухы, тілі, әдебиеті, мәдениеті мен өнері қашанда өзара байланыста дамып, үзілмей атадан балаға жалғасып келеді. Дегенмен, белгілі бір кезеңдердегі геосаяси, империялық ішкі-сыртқы жеке мәселелерге байланысты өзара мәдени ынтымақтастық әлсіреп,

үзілді. Территориялық ерекшеліктеріне байланысты аз ұлттардың қатарына кірген түркі халықтарының тарихи-мәдени дамуында құлдырау, тұралау үдерісі орын алды. Нәтижесінде, ұлттық құндылықтар, халық сөз өнерінің, әдебиетінің інжу-маржандары жоғалды немесе жойылудың сәлақ алдында қалды. Бұл орны толмас олқылықтарды қалпына келтіру үшін түркі халықтарының, әсіресе, Солтүстік Кавказ аймағындағы бауырлас аз халықтардың руханияты мен әдебиетін, драматургиясы мен театр өнерін зерттеу, оның қазақ халқымен мәдени-әдеби-рухани байланысын анықтау қазіргі таңда өзекті.

Осы тақырып әдеби байланыс аясында басқа да түркі тектес халықтар драматургиясы жанрымен байланыстырыла ғылыми тұрғыдан арнайы кешенді зерттеулер жүргізілмеген. Тек жекелеген мәселелер бойынша жергілікті аймақ қаламгерлерінің, кейбір ізденушілердің мақалалары жарық көрді.

XIX ғасырдың II-ші жартысы мен XX-ғасырдың бірінші жартысында солтүстік кавказ аймағындағы түркі тектес аз халықтардың драматургиясының тақырыптық мазмұнына, идеялық бағытына, әсіресе драматургияда, театртануда, мәдениетте жалпы әлеуметтік функцияларды орындауға бағыттаған ресми идеологияның ықпалы айтарлықтай әсер еткені көрінді. Солтүстік Кавказ аймағындағы халықтар идеологиялық және тағы басқа факторлардың ауыртпалығына қарамастан, ұлттық драмалық мұраны жаңаша туындатып және қазіргі оқырмандарының да сұранысына ие көрнекті көркем туындылар жасай алған. Сондай-ақ, Кавказ аймағындағы түркі халықтары драматургия жанры зерттеушілер назарынан мүлдем тыс қалған деп айтуға келмейді. Атап айтқанда, С. Д. Говоровтың [1], Қ. Д. Сұлтановтың [2], М. И. Зүлфукарованың [3], А. Қ. Ю. Абдуллатипова [4], Л. А. Шабасева [5], М. А. Гусеинов [6], Г. А. Сұлтанова [7], В. А. Мошков [8], М. Н. Губогло [9], V. Arseven [10], А. И. Манов [11], G. Doerfer [12], E. Kvilinkova [13], С. Булгар [14], П. А. Чеботарь [15] т.б. зерттеушілердің еңбектерін атап өтуге болады. Аталған ізденушілер көпшілігі белгілі бір кезеңдегі драматургия мен жалпы әдебиеттің жеке бағыттары, ағымдары, жекелеген жазушы-драматургтердің шығармашылығы жайындағы еңбектерін жариялады. А. Теппеевтің [16], Ф. Узданова [17], А. А. Сарбашеваның [18] басылымдары да осы тақырып бойынша белгілі бір қызығушылық тудырады.

Ұлт әдебиетіне арналған монографиялық зерттеулердің ішінде қарашай әдебиеттанушысы Б. Борлаковтың «Соғысқа дейінгі қарашай-балкар драмасы» [19] еңбегі назар аударуға тұрарлық. Автор қарашай және балқар драматургиясының эволюциялық кезеңдерін көрсетуге

және оның даму заңдылықтарын талдауға талпыныс жасайды. Тарихи-хронологиялық аспектіде берілген кең көлемді деректі материалдарға сүйене отырып, зерттеуші XX ғасырдың 20–30 жылдардағы ұлттық драматургияның шығу тегін жалпы жаңғыртып, драмалық жанрдың ауызша халық шығармашылығымен байланысын қадағалап, ҰОС соғысына дейінгі драматургияның тарихын зерделейді. Алайда Б.Борлаков тек қарашай авторларының пьесаларына идеялық-тақырыптық талдау жасаумен шектеледі.

1930–1960 жылдардағы балқар драматургиясының дамуын қарастыруға Ф.Урусбиева да талпыныс жасайды. Р. Геляев «Кровавый калым», И. Боташев «Рассвет в горах», И. Маммеев «Раненый тур», «После свадьбы», А. Тепеева «Честь», «Твой свет», «Коммунист» сынды драматургтардың еңбектерін назарға алып, зерттеуші ұлттық драматургияның өсу тенденциясын айқындайды.

Кавказ таулы өлкесіндегі түркі тектес халықтардың арасынан XX ғасырдың алғашқы ширегінде, яғни 1916 жылы құмық ұлтының оқыған зиялы қауымы мен сол елдегі «Таңғы шолпан» атты үйірме ағартушыларының ұйымдастыруымен бірнеше шағын қойылымдар сахналанды. Алғашқы ұйымдастыруға жетекшілік жасаған, кейінгі уақытта белгілі әдебиетші, өнер жанашыры әкелі-балалы Батырмырзаевтар болды. XX ғасырдың шамамен 17–18-ші жылдары аумалы-төкпелі заман ауысып, қайта жаңғырған кезеңде сол «Таңғы шолпан» үйірме мүшелерінің кейбір өнерпаздары құмықтың мемлекеттік театр труппасының басты мүшесін құрады. Сонымен қатар, осы уақытта құмықтың ұлт жанашыры қайраткерлерінің ұйымдастыруымен, қолдауымен «Таңғы шолпан» атты журнал да баспадан шығып тұрған.

Әзірбайжан мен татар халықтарының драма жанрының қалыптасуы мен дамуы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады десек, ал басқа бауырлас түркі тектес халықтардың драма жанрының тууы, қалыптасу кезеңдері, даму барысы шамалас бір уақыт, яғни XIX ғасырдың басы, алғашқы ширегі.

Қазақ ұлттық драматургиясының тууы, қалыптасуы мен жанрлық мәселелері, сыны туралы алғашқылардың бірі болып зерттелуі тұрғысында оң пікір білдірген Алаш қайраткерлері, ұлт жанашырлары, оқыған азаматтар Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Садұақасов, Жұмат Шанин, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтарды атаймыз.

Дәстүр жалғастығының көрінісі, әдеби байланыстың ортақ заңдылығы ретінде қазақ халқының алғашқы шағын драмалық қойылымдары мен алғашқы драматургтерінің пьесалары 1905–1910

жылдары дүниеге келді. Бірінші драмашылар мен олардың шағын актілі пьесалары қатарына Ишанғали Меңдіхановтың «Үйшік, үйшік», «Малдыбай», «Тамырлар», «Байғұстар», Бекмұхамед Серкебаевтің «Бақсы», «Ғазиза», «Жер дауы» және алғаш рет кітап болып басылған Көлбай Төгісовтің «Надандық құрбаны» пьесасы.

Қазақ әдебиеттану мен өнертану ғылымында кавказ және сібірдегі түркі халықтарының драматургиясы мен театртануын қазақ сахна өнері және драматургиясымен байланыстыра салыстырмалы түрде алғашқылардың бірі болып арнайы зерттеп, ғылыми мақалар мен монографиялық еңбектерін қазақстанда және шетел баспаларында жариялаған осы жолдар авторы профессор Ә. Шапауов [20]. Кавказ аймағындағы түркі халықтары мен қазақ драматургиясының эволюциясы, оның этномәдени болмысы, поэтикалық-стильдік, жанрлық ерекшелігі мен тарихи-мәдени, рухани, әдеби үндестігі тұрғысынан жан-жақты зерттеуге талпыныс жасаған тұңғыш зерттеу болып табылады. Сондай-ақ бұл аталған еңбектер кавказ аймағындағы түркі халықтарының драматургиясының пайда болуы мен және қалыптасуы кезеңіндегі этно-фольклорлық дәстүрлердің рөлі мен маңызын зерттеуге, орыс және басқа этникалық сахна әдебиетінің ықпалын анықтауға, зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл жұмыста алғашқы рет ғылыми айналымға енген, атап айтқанда, мұрағаттық және әдеби дереккөздер, сондай-ақ далалық материалдар кәсіби драматургияның пайда болу процесін тарихи-мәдени контексте жарыққа шығаруға және оның эволюциялық өсуіне ықпал еткен негізгі факторларды: фольклорлық және салт-дәстүрлік бастауларды анықтауға мүмкіндік берді.

Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтарының драматургиясы мен театр өнерін зерттеу тарихи-мәдени, хронологиялық, аумақтық, ынтымақтастық негізде жүйелі жұмыстың нәтижесінде жүзеге асуға талпыныс жасалды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ 2025–2027 жж. «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылым және өнер» Елдің зияткерлік әлеуеті бағыты бойынша АР26194993 «Драматургия мен театр өнерінің мәдени интеграция контексіндегі ғылыми парадигмасы (Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтары ноғай, құмық, гагауыз, қарайым, балқар, қарашайлардың қолжазба және қазіргі пьесалары негізінде)» атты жоба қаржысының есебінен орындалды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, солтүстік кавказ өңірінде әртүрлі тарихи-саяси-географиялық жағдайларға байланысты мекен етіп жатқан ноғай, құмық, гагауыз, қарайым, балқар, қарашай сияқты байырғы аз ұлттардың XX ғасырдың басындағы қолжазба пьесалары қазақ халқының осы кезеңдердегі алғашқы қолжазба драмалық шығармаларымен идеясы, тақырыбы жанрлық тұрғыдан үндестігінің бар екендігі және сахналану мәдениетінде де туыстық дәстүр жалғастығы, ойыншылардың орындау шеберліктерімен байланысы бар екендігі дәлелденді.

Зерттеу барысында ноғай, қарашай, балқар, гагауыз, қарайым, құмықтардың драмалық шығармалары, инсценировкаланған сахналық қойылымдары, қолжазба пьеса мәтіндері ғылыми тұрғыдан зерделенді.

Ноғай-қазақ, қарашай-қазақ, қарайым-қазақ, балқар-қазақ, гагауыз-қазақ, құмық-қазақ деген идеяны басшылыққа ала отырып, алғашқы қолжазба сахналық қойылымдары мен қазіргі кәсіби театр өнері жаңа ғылыми парадигма негізінде салыстырмалы түрде зерттелді. Осы тақырып алдағы уақытта да жалғасын табатын, жан-жақты кеңірек зерттелетін кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Говоров, С. Д.** Кумыкский театр [Текст]. – Махачкала : Дагкнигоиздат, 1955. – 127 с.

2 **Султанов, К. Д.** Къумукъланы адабияты (Литература кумыков. На кум. яз.) [Текст]. – Махачкала : Дагкнигоиздат, 1964. – 232 с.

3 **Зульфукарова, М. И.** Дагестанская советская драматургия [Текст]. – Махачкала : Дагкнигоиздат, 1965. – 240 с.

4 **Абдуллатипов, А.-К. Ю., Шабаетова, Л. А.** История кумыкской литературы. II часть. [Текст]. – Махачкала : «Формат», 2017. – 619 с.

5 **Шабаетова, Л. А.** Жизнь и творчество Амира Курбанова [Текст]. – Махачкала : ГУП «Типография ДНЦ РАН», 2008. – 126 с.

6 **Гусейнов, М. А.** История кумыкской литературы. Т. 2. Литература 1920–1955 гг. [Текст]. – Махачкала : ИЯЛИ ДНЦ РАН, 2018. – 552 с.

7 **Султанова, Г. А.** Дагестанская драматургия XX столетия [Текст]. – Махачкала : ИЯЛИ ДФИЦ РАН; Алеф, 2020. – 452 с.

8 **Мошков, В. А.** Гагаузы Бендерского уезда [Текст] // Этнографическое обозрение. Кн. XLIV, № 1, 1900; кн. XLVIII, № 1, кн. XLIX, № 2; кн. LI, №4, 1901; кн. LIV, № 3, кн. LV, № 4, 1902.

9 **Губогло, М. Н.** Русский язык в этнополитической истории гагаузов [Текст]. – М., 2004. – С. 127.

10 **Arseven, V** Gagauz kompozitoru muzikologu ve folklorcusu [Text] // Ankara, 2004. – P. 35.

11 **Манов, А. И.** Потеклото на гагаузите и тяхните обичаи и нрави [Текст]. – Варна, 1938.

12 **Doerfer, G.** Die gagausische literature [Text] // Philologiae Tucicae fundama. T. 1. – Wiesbaden, 1959. – P. 260–272.

13 **Kvilinkova, E.** Moldova gagauzlari halk turkuleri [Text]. – Kisinov, 2003. – P. 7.

14 **Булгар, С.** Гагаузские судьбы [Текст]. – Кишинев, 2003. – С. 27.

15 **Чеботарь, П. А.** Гагаузская художественная литература 50–80-е гг. XX в. : очерки. [Текст]. – Штиинца, 1993. – С. 120.

16 **Тепшеев, А.** Балкарская проза [Текст]. – Нальчик : Эльбрус, 1974. – 176 с.

17 **Узденова, Ф. Т.** Карачаева-балкарская поэзия XX века: этнокультурная специфика, эволюция, жанры. [Текст]. – Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук, 2020.

18 **Сарбашева, А.** Балкарская драматургия: этнофольклорная традиция, эволюция, жанровая специфика [Текст] // диссертация ... доктора филологических наук : 10.01.02 // Сарбашева Алена Мустафаевна; [Место защиты: ФГБУН Институт гуманитарных исследований кабардино-балкарского научного центра РАН]. – Нальчик, 2014. – 345 с.

19 **Борлаков, Б.** Карачаево – балкарская довоенная драматургия [Текст]. – Карачаево–Черкесское отделение Стравпольского книжного издательства, 1975. – 72 с.

20 **Shapauov, A.** Research in Dramaturgy [Text]: Monograph. Print Publishing House. – Jerusalem. Israel, 2024. – P. 130.

References

1 **Govorov, S. D.** Kumy`kskij teatr. [Kumyk Theatre.] [Text]. – Maxachkala : Dagknigoizdat, 1955. – 127 p.

2 **Sultanov, K. D.** K`umuk`lany` adabiyaty` (Literatura kumy`kov. Na kum. yaz.). [Literature of the Kumyks. In the Kumyk language.] [Text]. – Maxachkala : Dagknigoizdat, 1964. – 232 p.

3 **Zul`fukarova, M. I.** Dagestanskaya sovetskaya dramaturgiya. [Dagestan Soviet drama.] [Text]. – Maxachkala : Dagknigoizdat, 1965. – 240 p.

4 **Abdullatipov, A.-K. Yu., Shabaeva, L. A.** Istoriya kumy`kskoj literatury`. II chast`. [The history of Kumyk literature. Part II.] [Text]. – Maxachkala : «Format», 2017. – 619 p.

5 **Shabaeva, L. A.** Zhizn' i tvorchestvo Amira Kurbanova. [The life and work of Amir Kurbanov.] [Text]. – Maxachkala : GUP «Tipografiya DNCz RAN», 2008. – 126 p.

6 **Gusejnov, M. A.** Istoriya kumy'kskoj literatury'. T. 2. Literatura 1920–1955 gg. [The history of Kumyk literature. Vol. 2. Literature of 1920–1955.] [Text]. – Maxachkala : IYaLI DNCz RAN, 2018. – 552 p.

7 **Sultanova, G. A.** Dagestanskaya dramaturgiya XX stoletiya. [Dagestan drama of the twentieth century.] [Text]. – Maxachkala : IYaLI DFICz RAN; Alef, 2020. – 452 p.

8 **Moshkov, V. A.** Gagauzy' Benderskogo uezda [Gagauz Bendery district] [Text] // E'tnograficheskoe obozrenie. Kn. XLIV, № 1, 1900; kn. XLVIII, № 1, kn. XLIX, № 2; kn. LI, №4, 1901; kn. LIV, № 3, kn. LV, № 4, 1902.

9 **Guboglo, M. N.** Russkij yazy'k v e'tnopoliticheskoy istorii gagauzov. [The Russian language in the ethnopolitical history of the Gagauz people.] [Text] – Moscow, 2004. – P.127.

10 **Arseven, V.** Gagauz kompozitoru muzikologu ve folklorcusu [Text]. – Ankara, 2004. – P. 35.

11 **Manov, A. I.** Potekloto na gagauzite i t`xnite obichai i nravi [It flowed in Gagauz and their customs and customs] [Text]. – Varna, 1938.

12 **Doerfer, G.** Die gagaussische literature [Text]. – Philologiae Tucicae fundama. T. 1. – Wiesbaden, 1959. – P. 260–272.

13 **Kvilinkova, E.** Moldova gagauzlari halk turkuleri [Text]. – Kisinov, 2003. – P. 7.

14 **Bulgar, S.** Gagauzskie sud'by' [Gagauz destinies] [Text]. – Kishinev, 2003. – P. 27.

15 **Chebotar', P. A.** Gagauzskaya xudozhestvennaya literatura 50–80-e gg. XX v.: ocherki. [Gagauz fiction of the 50-80s of the twentieth century: essays.] [Text]. – Shtiincza, 1993. – P. 120.

16 **Teppeev, A.** Balkarskaya proza. [Balkarian prose] [Text]. – Nal'chik : E'l'brus, 1974. – 176 p.

17 **Uzdenova, F. T.** Karachaeva-balkarskaya poe'ziya XX veka : e'tnokul'turnaya specifika, e'volyuciya, zhanry'. [Karachayeva-Balkarian poetry of the twentieth century: ethnocultural specifics, evolution, genres.] [Text]. – Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora filologicheskix nauk, 2020.

18 **Sarbasheva, A.** Balkarskaya dramaturgiya: e'tnofol'klornaya tradiciya, e'volyuciya, zhanrovaya specifika [Balkarian drama: ethno-folklore tradition, evolution, genre specifics] [Text] // dissertaciya ... doktora filologicheskix nauk : 10.01.02 // Sarbasheva Alena Mustafaevna; [Mesto zashhity': FGBUN

Institut gumanitarny`x issledovanij kabardino-balkarskogo nauchnogo centra RAN]. – Nal`chik, 2014. – 345 p.

19 **Borlakov, B.** Karachaevo – balkarskaya dovoennaya dramaturgiya. [Karachay – Balkarian pre-war drama] [Text] – Karachaevo–Cherkesskoe otdelenie Stravpol`skogo knizhnogo izdatel`stva, 1975. – 72 p.

20 **Shapauov, A.** Research in Dramaturgy. [Text]: Monograph. Print Publishing House. – Jerusalem. Israel, 2024. – P. 130.

16.07.25 ж. баспаға түсті.

30.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. К. Шапауов¹, Р. Н. Бегалиева², М. А. Кабыкен³,

Е. И. Туровская⁴, А. О. Кадыралиева⁵

^{1,5}Казахский национальный университет

искусств имени К. Байсеитовой,

Республика Казахстан, г. Астана;

²Южно-Казахстанский педагогический

университет имени Ө. Жәнібекова,

Республика Казахстан, г. Шымкент;

³Сотрудник посольства Индии,

Республика Казахстан, г. Астана;

⁴Университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Поступило в редакцию 16.07.25.

Поступило с исправлениями 30.07.25.

Принято в печать 25.08.25.

ЗАРОЖДЕНИЕ, РАЗВИТИЕ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ ДРАМАТУРГИИ У ТЮРКСКИХ НАРОДОВ СЕВЕРО-КАВКАЗСКОГО РЕГИОНА

В статье рассматривается актуальная проблема – зарождение, письменная фиксация, становление, публикация и развитие искусства сценической постановки первых рукописных драматических мини-пьес тюркских народов Северного Кавказа, таких как ногайцы, карачаевцы, балкарцы, гагаузы, кумыки, караимы. Анализируется художественное мастерство и идейное содержание как рукописных, так и современных пьес, а также их культурно-духовные связи и

интеграция с казахским народом, парадигма национально-этнических идей через призму законов драматургии и театроведения.

Авторы исследования рассматривают жанровые особенности первых малых пьес этих народов, вопросы конфликта и характера с точки зрения художественного мастерства. Также в сравнительном аспекте анализируются вопросы сценической реализации, создания образов, актерского мастерства.

В статье дается сопоставительный анализ ранних рукописных сценических постановок и современного профессионального театрального искусства с опорой на новую научную парадигму. Отмечается важная роль драматургии и театрального искусства тюркских народов в укреплении культурно-духовного сотрудничества, формируются теоретико-методологические основы исследования.

Изучение драматургии и театрального искусства тюркских народов северокавказского региона осуществляется на основе системного научного труда. Доказывается, что до настоящего времени не проводилось международное исследование на данную тему между двумя странами.

Ключевые слова: ногай, карачай, балкар, кумык, караим, драматургия тюркских народов, литературные связи.

A. K. Shapauov¹, R. N. Begaliyeva², M. A. Kabyken³,

Ye. I. Turovskaya⁴, A. O. Kadyraliyeva⁵

^{1,5}Kazakh National University

of Arts named after K. Bayseitova,

Republic of Kazakhstan, Astana;

²South Kazakhstan Pedagogical

University named after O. Zhanibekov,

Republic of Kazakhstan, Shymkent;

³Embassy of India,

Republic of Kazakhstan, Astana;

⁴Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Received 16.07.25.

Received in revised form 30.07.25.

Accepted for publication 25.08.25.

THE GENESIS, EVOLUTION, AND CONTINUITY OF THE DRAMATIC TRADITION AMONG THE TURKIC PEOPLES OF THE NORTH CAUCASUS REGION

This article addresses a pressing issue – the emergence, documentation, formation, publication, and initial stage production of early handwritten dramatic mini-plays by Turkic-speaking peoples of the North Caucasus, such as the Nogais, Karachays, Balkars, Gagauz, Kumyks, and Karaites. The study explores the artistic craftsmanship and ideas expressed in both handwritten and contemporary plays, as well as their cultural and spiritual connections and integration with the Kazakh people. It also examines the paradigm of national and ethnic ideas through the lens of the principles of dramaturgy and theatre studies.

The researchers analyze the genre characteristics of these early short plays, focusing on the issues of conflict and character development from the perspective of artistic expression. In addition, the article offers a comparative analysis of stage performance techniques, character portrayal, and acting skills.

The comparison between early handwritten stage productions and modern professional theatre is discussed within the framework of a new scientific paradigm. The significance of the dramatic and theatrical arts of Turkic peoples in fostering cultural and spiritual cooperation is emphasized, and the theoretical and methodological foundation for this research is outlined.

The study of dramaturgy and theatrical art among the Turkic peoples of the North Caucasus is carried out through a systematic research approach. It is demonstrated that no prior international-level research has been conducted on this topic between the two countries.

Keywords: Nogais, Karachays, Balkars, Kumyks, Karaites, dramaturgy, literary relations.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz